Эмитент шикізат (жұмыстар, қызметтер) импортын жүзеге асырмайды және өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) экспортқа өткізбейді (көрсетпейді).

7) *Эмитенттің қатысуымен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне Эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:*

Эмитент Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, эмитенттен Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне қатыспайды.

8) *Эмитенттің қызметіне әсер ететін басқа да тәуекел факторлары.*

Эмитент осы проспектіде көрсетілгендерден басқа тәуекел факторларының болуын болжамайды.

24. Тауар айналымының көлемі өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) тұтынушылар мен берушілер туралы мәліметтер):

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитентте тауар айналымының көлемі Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар мен берушілер жоқ.

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитенттің активтері:

Активтің атауы	2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша активтердің жалпы көлемінен үлесі	2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша активтің баланстық құны, мың теңге
Клиенттерге берілген несиелер	70,5%	878 760
Дебиторлық берешек	18,3%	228 079
- оның ішінде: қысқа мерзімді сыйақылар бойынша дебиторлық берешек	*17,7%*	*221 159*

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешек:

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің дебиторлық берешегі көрсетілген күнге Эмитент активтердің баланстық құнының 10 және одан да көп пайызын құрайтын дебиторлар жоқ.

27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитенттің кредиторлық берешегі:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Кредиторлық берешегінің түрі	2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша міндеттемелердің жалпы көлемінен үлесі	2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша кредиторлық берешегінің баланстық құны, мың теңге
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	89,3%	807 259

Көрсетілген кредиторлық берешегінде Эмитенттің 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша міндеттемелерінің баланстық құнының 10 және одан да көп пайызын құрайтын кредиторлар жоқ.

28. Эмитенттің левередж шамасы:

	2022 жылғы 30 маусым	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Міндеттемелер, мың теңге	904 101	699 839	37 317
Меншікті капитал, мың теңге	343 244	149 580	60 694
Левередж	2,6	4,7	0,6

29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген, соңғы аяқталған екі қаржы жылы үшін эмитенттің қызметінен алынған таза ақша ағындары:

Мың теңге

	2021 жыл	2020 жыл
Операциялық қызметтен ақша қаражатының түсуі	45 300	40 310
Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының шығуы	- 167 162	- 4 919
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	**- 121 862**	**35 391**
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының түсуі	–	–
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының шығуы	- 392 243	–
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	- 392 243	–
Қаржы қызметінен ақша қаражатының түсуі	700 749	20 000
Қаржы қызмет бойынша ақша қаражатының шығуы	–	–
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	**700 749**	**20 000**
Ақша қаражатының ұлғаюы	**186 644**	**55 391**
Айырбас бағамдарының теңгеге әсері	2 217	300
Есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражат	**85 737**	**30 046**
Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты	**274 598**	**85 737**

30. Эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары (Облигациялардың өтелген және күші жойылған шығарылымдарын қоспағанда) туралы Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейінгі мәліметтер:

Борыштық бағалы қағаздардың атауы	Облигациялардың бірінші шығарылымы
ISIN	KZ2P00008071
Жалпы саны, дана	20 000
Борыштық бағалы қағаздардың түрі	Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Номиналдық құны, шығарылымның валютадағы	100,00 АҚШ доллар
Мемлекеттік тіркелу күні	2021 жылғы 15 қыркүйек
Бағалы қағаздардың орналастырылған саны, дана	19 331
Бағалы қағаздарды орналастыру кезінде жиналған ақшаның жалпы сомасы	1 917 698,01 АҚШ доллар
Бағалы қағаздар шығарылымдары бойынша есептелген және төленген сыйақы мөлшері	Аяқталған купондық мерзімдері бойынша есептелген және төленген сыйақы: 48 240 АҚШ доллар. Ағымдағы купондық мерзімі бойынша (2022 жылғы 8 мамыр) есептелген: 55 567 АҚШ доллар.
Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны (дана) және сатып алу күндері	Жоқ

Эмитентте жоғарыда көрсеткен бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау, оның ішінде облигациялар бойынша сыйақы төлемеу және/немесе төлеуді кешіктіру фактілері орын алған жоқ.

Жоғарыда көрсеткен шығарылымдары бойынша облигацияларының орналастырылуын және / немесе айналымын тоқтата тұру (қайта бастау) фактілері жоқ.

Жоғарыда көрсеткен шығарылымның облигациялары ұйымдастырылған нарығында айналысады және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми тізіміне енгізілген.

Жоғарыда көрсеткен шығарылымдары облигациялардың ұстаушыларға келесі құқықтары қамтамасыз етілген:

- проспектіде көзделген тәртіпте және мерзімде облигацияларды жапқанда атаулы құнын алу құқығы;
- проспектіде көзделген көлемде және мерзімде облигациялар бойынша олардың атаулы құнынан белгіленген пайызды алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның қағидаларымен сәйкес және оларда көзделген тәртіпте, Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өздерінің талаптарын қанағаттандыруға құқығы;
- проспектіде белгіленген жағдайларда барлық облигацияларды немесе оның бөлігін өтеп алуға жариялау құқығы;
- облигацияларды еркін сату және басқаша түрде өкімдік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және проспектімен көзделген жағдайларда, Эмитеттің облигацияларды өтеп алуды талап ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте, облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтарды талап етеді.

Эмитенттің осы тармақта көрсетілген облигациялардың проспектілерінде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзу фактілері жоқ. Эмитент облигацияларды сатып алу-сату шартын жасамаған.

Эмитентте жоғарыда айтылғандарды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздардың басқа шығарылымдары жоқ.

11 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОЛ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

31. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:

Облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармағы толтырмайды.

32. Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы орын алған оқиғалар туралы мәліметтер:

Облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармағы толтырмайды.

33. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:

Облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармағы толтырмайды.

34. Эмитент орналастыратын Облигацияларды сатып алумен байланысты тәуекелдер:

1) *салалық тәуекелдер - Эмитент саласындағы жағдайдың ықтимал нашарлауының оның қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері сипатталады. Эмитенттің пікірінше, саладағы ең маңызды өзгерістер (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек) келтірілген):*

Эмитент өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Осыған байланысты Эмитенттің қызметіне байланысты салалық тәуекелдер қызметті ішкі нарықта жүзеге асыру кезінде туындайды. Эмитенттің қызметіне қатысты ең маңызды тәуекелдердің ішінде мыналарды көрсетуге болады:

- нарықтағы бәсекелестіктің күшеюіне байланысты тәуекелдер;
- клиенттердің кредит қабілеттілігінің өзгеруі (клиенттер санының азаюы нәтижесінде жасалатын мәмілелер көлемінің өзгеруі);
- жалпы макроэкономикалық конъюнктураның әсерінен Эмитенттің қызметтеріне сұраныстың өзгеруі (сұраныстың өзгеруіне байланысты);
- елдегі экономикалық жағдайдың жалпы нашарлауына және соның салдарынан микрокредит беру нарығындағы белсенділіктің төмендеуіне байланысты тәуекелдер.

Осы проспект бекітілген күні Эмитент сыртқы нарықта қызметін жүзеге асырмайды.

Эмитенттің өз қызметінде (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке) пайдаланатын шикізатқа, көрсетілетін қызметтерге бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері жеке сипатталады:

Эмитент өз қызметінде шикізатты пайдаланбайды, ал өзіндік құн құрылымында бөгде ұйымдардың тұтынатын қызметтерінің үлесі болмашы, сондықтан шикізат пен көрсетілетін қызметтер бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер жоқ және олар Эмитенттің қызметіне және Эмитенттің оның бағалы қағаздары бойынша міндеттемелерін орындауына әсер етпейді.

Осы проспект бекітілген күні Эмитент сыртқы нарықта қызметін жүзеге асырмайды.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметтеріне (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек) бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері жеке сипатталады:

Ішкі нарықта Эмитенттің қызметтеріне бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер бәсекелестердің іс-қимылымен және қорландыру құнының ұлғаюымен

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

байланысты болуы мүмкін, бұл тұтастай микрокредит беру нарығының пайыздық маржасының және тиісінше Эмитенттің мәмілелері бойынша кірістілігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Эмитент осы тәуекелдің өз қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауға әсерін жоғары емес деп бағалайды. Осы тәуекелді төмендету мақсатында Эмитент бизнестің операциялық тиімділігін арттыру және қорландыру құнын төмендету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

Осы проспект бекітілген күні Эмитент сыртқы нарықта қызметін жүзеге асырмайды.

2) *қаржылық тәуекелдер – эмитенттің қаржылық жай-күйінің пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталарын айырбастау бағамының, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарына нарықтық бағалардың қолайсыз өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығы сипатталады:*

Эмитенттің қызметі экономикалық жағдайдың өзгеруіне және қаржы нарықтарының конъюнктурасына байланысты қаржылық тәуекелдермен байланысты. Эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін тәуекелдерге төменде көрсетілген тәуекелдер жатады:

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел.

Кредиттік тәуекел - Эмитентте сатып алушының немесе контрагенттің қаржы құралы бойынша өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауынан туындаған қаржылық залалдың туындау тәуекелі.

Эмитенттің қаржы активтерінің баланстық құны Эмитенттің кредиттік тәуекеліне ұшыраған ең жоғары шаманы көрсетеді. Осы проспектіні жасау күніне Эмитентте кредиттік тәуекелдің елеулі шоғырлануы жоқ.

Эмитент ақшаны қазақстандық екінші деңгейдегі банктерге орналастырады және төтенше кредиттік тәуекелдерді болдырмау мақсатында мерзімді негізде осы банктердің кредиттік рейтингтерін қадағалайды.

Нарық конъюнктурасының жалпы және ерекше ауытқуларына және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейінің өзгеруіне байланысты пайыздық, валюталық, борыштық, үлестік және туынды қаржы құралдары бойынша ашық нарықтық позиция болған кезде Эмитент нарықтық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Бұл ретте осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің жоғарыда көрсетілген қаржы құралдары бойынша ашық позициясы жоқ. Эмитент бұл тәуекелді елеусіз деп бағалайды.

Өтімділік тәуекелі - бұл Эмитентте қаржы құралдарымен байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алу кезінде қиындықтар туындаған тәуекел. Эмитент өтімді қаражатқа деген қажеттілікті үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген алдағы міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті көлемде ақша қаражатының болуын қамтамасыз етеді. Өтімділік тәуекелін басқару үшін түпкілікті жауапкершілік Эмитенттің басшылығына жүктеледі.

Эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан Эмитенттің залалдардың туындауына байланысты, Эмитенттің қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігі нәтижесінде (оның ішінде Эмитенттің бір немесе бірнеше контрагентінің қаржылық міндеттемелерді уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) Эмитенттің өз қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде орындауы болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан туындайтын тәуекелдер жеке сипатталады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Облигацияларды орналастыру қорытындылары бойынша Эмитенттің қызметі Эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындауын қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан Эмитенттің шығынға ұшырауына байланысты тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Мұндай жағдай Эмитенттің қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігі (оның ішінде Эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерді уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) Эмитенттің өзінің қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде орындауы болжанбаған қажеттіліктің туындауы нәтижесінде туындауы мүмкін. Эмитент осы тәуекелдің ықпалын төмендету үшін барлық қажетті іс-қимылдарды, оның ішінде активтер мен міндеттемелер құрылымын тиімді басқаруды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Эмитенттің қаржылық есептілік көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің әсері нәтижесінде өзгерістерге неғұрлым көбірек ұшырағаны, олардың туындау ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты көрсетіледі:

Қаржылық тәуекелдерге Эмитенттің міндеттемелері (қарыздар, кредиторлық берешек), сондай-ақ Эмитенттің жекелеген активтері (берілген микрокредиттер) барынша ұшырайды. Эмитент қаржылық тәуекелдердің туындау ықтималдығын елеусіз деп бағалайды, өйткені Эмитент осы тәуекелдердің Эмитенттің қызметіне және қаржылық жай-күйіне әсерін мониторингтеу, бақылау және азайту үшін барлық қажетті іс-қимылдарды қабылдауды жоспарлайды.

3) *құқықтық тәуекел – Эмитенттегі шығындар туындауының тәуекелі сипатталады:*

– *Қазақстан Республикасының валюта, салық, кеден заңнамалары өзгерістері:*

Эмитент құқықтық тәуекелді әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен шығындардың пайда болу қаупі ретінде анықтайды, соның ішінде:

а. Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгеруі;

б. Эмитенттің өз қызметін және ішкі құжаттарын Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне сәйкес уақтылы келтіруге қабілетсіздігі.

– *Эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау жөніндегі талаптар:*

Эмитент 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 02.21.0069.М микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензия алды. Лицензия беруді Қазақстан Республикасы Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің Алматы қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы жүзеге асырды. Лицензияның қолданылу мерзімі шектелмеген.

Эмитент ұйымдастырған микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын пруденциалдық нормативтер мен заңнамалық талаптардың тұрақты мониторингі жүйесін назарға ала отырып, Эмитент тәуекелдің осы деңгейінің өз қызметіне ықпал ету дәрежесін төмен деп қарайды.

– *Эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы:*

Эмитент бұл тәуекелді әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен шығындардың пайда болу қаупі ретінде анықтайды, соның ішінде:

а. Эмитенттің, клиенттердің немесе қарсы әріптестердің жасалған мәмілелердің талаптарын бұзуы;

б. құқықтық жүйенің жетілмегендігі (жеткілікті құқықтық реттеудің болмауы, өзгерістерге ұшырау, оның ішінде мемлекеттік реттеу және (немесе) қадағалау әдістерінің жетілдірілмеуі бөлігінде, жекелеген мәселелерді келіссөздер арқылы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

шешудің мүмкін еместігі және нәтижесінде – оларды реттеу үшін сот органдарына жүгіну).

– *қызметті жүзеге асыру кезінде жіберілген құқықтық қателіктер (бұрыс заң консультацияларын алу немесе құжаттарды дұрыс құрастырмау, соның ішінде сот органдарында даулы мәселелерді қарау кезінде):*

Эмитент бұл тәуекелді әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен шығындардың пайда болу қаупі ретінде анықтайды, соның ішінде:

а. Эмитент қызметкерлерінің немесе басқару органдарының іс-әрекеттері салдарынан қызметінде құқықтық қателіктерге әкеп соқтыратын құқықтық жұмысты тиімсіз ұйымдастыру;
б. Эмитенттің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеуі;
в. Қазақстан Республикасының, оның ішінде қарсы әріптестерді сәйкестендіру және зерделеу, пайда алушыларды (пайдасына клиенттер жұмыс істейтін адамдарды) анықтау және сәйкестендіру жөніндегі заңнамасын сақтамау;
г. операциялар мен басқа да мәмілелерді, қаржылық инновациялар мен технологияларды жүргізудің жаңа қызметтері мен шарттарын әзірлеу және енгізу кезінде құқықтық мәселелердің жеткіліксіз пысықталуы.

Эмитент құқықтық тәуекелді төмен деп бағалайды, өйткені осы тәуекелді тиімді басқару Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

4) *іскерлік беделін жоғалту тәуекелі (бедел тәуекелі) – эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнімдерінің (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) сапасы немесе тұтастай алғанда оның қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің қалыптасуы салдарынан клиенттер (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде Эмитентте залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:*

Эмитенттің қызметінде Эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның қызметтерінің сапасы немесе тұтастай оның қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің қалыптасуы салдарынан клиенттер (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде шығындардың туындау тәуекелі бар.

Эмитент бұл тәуекелді елеусіз деп бағалайды, өйткені Эмитенттің іскерлік беделін сақтау мақсатында:

- Эмитенттің контрагенттерімен шарттық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- клиенттерге, контрагенттерге, реттеу және қадағалау органдарына және басқа да мүдделі тараптарға ұсынылатын қаржылық есептіліктің және басқа да жарияланатын ақпараттың анықтығына бақылауды жүзеге асырады;
- жыл сайынғы аудиттен өтеді;
- клиенттердің және контрагенттердің іскерлік беделіне мониторинг жүргізеді;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру туралы заңнаманың сақталуын бақылайды;
- қызметкерлердің корпоративтік этика нормаларын сақтауын бақылайды.

5) *стратегиялық тәуекел – Эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын шешімдер қабылдау кезінде жіберілген және*

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Эмитенттің қызметіне қатер төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді есепке алмаудан немесе жеткілікті түрде есепке алмаудан, эмитент бәсекелестерінің алдында артықшылыққа қол жеткізуі мүмкін қызметтің перспективалық бағыттарын дұрыс емес немесе жеткілікті түрде негізделмеген айқындаудан, қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстардың) болмауы немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуінен туындайтын қателер (кемшіліктер), Эмитент қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс адами және ұйымдастырушылық шаралар (басқарушылық шешімдер):

Эмитенттің қызметінде Эмитенттің қызметі мен даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын шешімдер қабылдау кезінде жіберілген және Эмитенттің қызметіне қатер төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді тиісінше немесе жеткіліксіз есепке алудан, Эмитент бәсекелестерінің алдында артықшылыққа қол жеткізе алатын қызметтің перспективалық бағыттарын дұрыс немесе жеткілікті түрде негіздемей анықтаудан, қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстардың), Эмитент қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс адами және ұйымдастырушылық шаралардың (басқарушылық шешімдердің) болмауы немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуінен көрінетін қателер (кемшіліктер) салдарынан залалдардың туындау тәуекелі бар.

Эмитент осы тәуекелді елеусіз деп бағалайды, өйткені Эмитенттің стратегиялық шешімдерін тиімді бағалауды және іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарлау бағдарламасы, қызметтің басым бағыттарын айқындау, стратегиялық жоспарларды әзірлеу, сондай-ақ қабылданған стратегиялардың іске асырылуын бақылау қолданылады. Эмитенттің стратегиясында айқындалған қойылған міндеттер мен жоспарларды іске асыру процесінде Эмитенттің стратегиялық жоспарларына және/немесе қызметіне қандай да бір сегменттегі есептік өлшемдердің болжамды мәндерден ауытқулары анықталған жағдайда сыртқы және/немесе ішкі нарық конъюнктурасы өзгерістерінің әсерінен түзетулер енгізілуі мүмкін. Эмитент стратегиялық тәуекел деңгейін елеусіз деп бағалайды.

б) *Эмитенттің қызметіне байланысты тәуекелдер - Эмитенттің қызметіне ғана тән немесе негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер, оның ішінде Эмитенттің қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады:*

– *Эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге не айналымда болуы шектелген объектілерді (табиғи ресурстарды қоса алғанда) пайдалануға арналған лицензиясының қолданысын ұзарту мүмкіндігінің болмауына байланысты:*

Эмитент 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 02.21.0069.М микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензия алды. Лицензия беруді Қазақстан Республикасы Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің Алматы қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы жүзеге асырды. Лицензияның қолданылу мерзімі шектелмеген.

Эмитент ұйымдастырған микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын пруденциалдық нормативтер мен заңнамалық талаптардың тұрақты мониторингі жүйесін назарға ала отырып, Эмитент тәуекелдің осы деңгейінің өз қызметіне ықпал ету дәрежесін төмен деп қарайды.

– *Эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде Эмитенттің еншілес ұйымдарының борыштары бойынша ықтимал жауапкершілігі:*

Осы проспектіні бекіту күніне Эмитент үшінші тұлғалардың борыштары бойынша жауапты емес. Эмитенттің еншілес ұйымдары жоқ.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

– *айналымы Эмитенттің өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімнің кемінде 10 (он) пайызын құрайтын тұтынушыларды жоғалту мүмкіндігімен:*

Эмитент қарыз алушылар тарапынан жеткілікті дәрежеде ниеттестікке байланысты осы тәуекелді елеусіз деп қарайды. Бұдан басқа, микроқаржылық қызметтер нарығы айтарлықтай кең болып табылады және кеткен қарыз алушыларды жедел ауыстыру үшін жеткілікті сыйымдылыққа ие.

7) *елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды, жеке тұлғалардың) міндеттемелерді орындамауы салдарынан, сондай-ақ ақша міндеттемесінің валютасы контрагенттің резиденттік елі заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) контрагентке қолжетімсіз болуы салдарынан Эмитенттің залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:*

Осы проспектіні бекіту күніне Эмитентте бейрезидент контрагенттер жоқ.

8) *операциялық тәуекел – Эмитент қызметкерлері тарапынан жіберілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер нәтижесінде, Ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісінше жұмыс істемеуі салдарынан, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі сипатталады:*

Эмитенттің қызметінде Эмитент қызметкерлері тарапынан жіберілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер нәтижесінде, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісінше жұмыс істемеуі салдарынан, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі бар.

Эмитент үшін операциялық тәуекел орташа мәнге ие, өйткені ол Эмитент қызметінің барлық салаларына, процестер мен жүйелерге тән, сондықтан операциялық тәуекелді тиімді басқару әрқашан Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

9) *экологиялық тәуекелдер – климаттық және экологиялық факторларға байланысты, эмитенттің қызметіне ықпал етуге қабілетті тәуекелдерді сипаттайды:*

Эмитенттің оның қызметіне экологиялық тәуекелдердің тікелей әсер ету қаупі жоғары тәукелі жоқ. Сонымен қатар, Эмитенттің клиенттік базасы жеткілікті түрде әртараптандырылған және тәуекелдің осы түріне айтарлықтай ұшырайтын бір ғана саланың тұтынушыларына тәуелді емес.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатыспайды.

36. Егер Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, әрбір осындай заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

37. Әрбір осындай ұйым бойынша көрсете отырып, Эмитент жарғылық капиталының он және одан да көп пайызына ие болатын ұйымдар туралы мәліметтер (35-тармақта көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда):

Эмитент қандай да бір заңды тұлғалардың жарғылық капиталының он және одан да көп пайызына ие емес.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:

Эмитентке несиелік рейтингтер берілмеді.

39. Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық Облигациялар шығарылған жағдайда):

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды, осыған байланысты Облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Облигациялар бойынша Төлем агенті көзделмеген. Купондық сыйақы мен номиналдық құнды төлеуді Эмитент өзі жүзеге асырады.

41. Эмитент консультанттары туралы мәліметтер (Егер бағалы қағаздар рыногы туралы Заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):

Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылғы 10 наурыздағы №14 отырыс хаттамасы) бекітілген Биржаның Листингтік қағидаларының 6-бабының 1-тармағының негізінде Эмитент биржа мүшелерін қаржы консультанты ретінде тартпады.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

Эмитенттің 2020 және 2021 жылдардағы қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асырған аудиторлық ұйым «Concord» тәуелсіз аудиторлық компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып табылады:

- орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Айманов к-сі, 140, 8а бөлме;
- Аудитордың аты-жөні: Сламбеков А. С.
- телефон және факс нөмірлері: +7 (727) 225-81-25, +7 (727) 225-81-35 (факс);
- электрондық пошта мекенжайы: audit@concord.com.kz.

Аталған ұйым «Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының қауымдастырылған мүшесі болып табылады.

43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» және 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдарына сәйкес Эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын Эмитенттің үлестес тұлғалары:

Осы тармақ бойынша ақпарат осы проспектіге 1-қосымшада көрсетілген.

44. Эмитенттің Облигациялар шығаруға және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындар қалай төленетіні туралы мәліметтер:

Эмитент шығындарының атауы	Есептеу базасы
Биржаны алдын ала жинау	100 еселенген АЕК мөлшері
Листингке өтінішті қарағаны үшін Биржаның алымы	Номиналды құны бойынша Облигациялар шығарылымының жалпы көлемінің 0,015% (100 АЕК-тен кем емес, 500 АЕК-тен артық емес) (бір реттік комиссия)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Эмитент шығындарының атауы	Есептеу базасы
Биржаның кіру алымы	Номиналды құны бойынша Облигациялар шығарылымының жалпы көлемінің 0,015% (100 АЕК-тен кем емес, 1500 АЕК-тен артық емес) (бір реттік комиссия)
Биржаның жыл сайынғы алымы	Номиналды құны бойынша Облигациялар шығарылымының жалпы көлемінің 0,025% (100 АЕК-тен кем емес, 2000 АЕК-тен артық емес) (жыл сайынғы комиссия)
Биржаның сауда жүйесінде сауда - саттықты ұйымдастырғаны үшін алым	сауда-саттық әдісіне байланысты, Биржаның тарифтеріне сәйкес
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ қызметтері	көрсетілген қызметтердің көлеміне қарай, депозитарийдің тарифтеріне сәйкес
Брокерлік ұйымның қызметтері	Шартқа сәйкес көрсетілген қызметтердің көлеміне қарай

Көрсетілген шығыстарды Эмитент өз қаражаты есебінен төлейтін болады.

«ЮНИКРЕДО» МҚҰ» ЖШС

Бас директоры **Кан Ю.В.**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

1-қосымша. Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР				
№	Тегі, аты, әкесінің аты толықтай (бар болса)	Үлестестікті тану үшін негіздер	Үлестестік пайда болған күні	Тұрғылықты елі
1	Абдрасулова Шара Булатовна (Эмитенттің жарғылық капиталындағы иелену үлесі – 90%)	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы[1]	11.11.2019 ж.	Қазақстан
2	Абдрасулов Нурлан Кадырович	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	11.11.2019 ж.	Қазақстан
3	Косаева Ботагоз Камовна	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	11.11.2019 ж.	Қазақстан
4	Жандарбек Сабина	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	11.11.2019 ж.	Қазақстан
5	Кадыр Султан Нураланулы	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	11.11.2019 ж.	Қазақстан
6	Кадыр Алан Нурланулы	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	11.11.2019 ж.	Қазақстан
7	Абдрасулова Динара Нурлановна	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	11.11.2019 ж.	Қазақстан
8	Мухамедаллин Сабит Булатович	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	11.11.2019 ж.	Қазақстан
9	Кан Юрий Витальевич (Эмитенттің жарғылық капиталындағы иелену үлесі – 10%)	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1), 3) тармақшалары	11.11.2019 ж.	Қазақстан
10	Пак Инна	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	11.11.2019 ж.	Қазақстан
11	Кан Элина Юрьевна	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	11.11.2019 ж.	Қазақстан
12	Кан Анастасия Юрьевна	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1), 3) тармақшалары	11.11.2019 ж.	Қазақстан
13	Кан Виталий Владимирович	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1), 3) тармақшалары	11.11.2019 ж.	Қазақстан
14	Тян Нелля Петровна	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1), 3) тармақшалары	11.11.2019 ж.	Қазақстан
15	Кан Светлана Витальевна	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1), 3) тармақшалары	11.11.2019 ж.	Қазақстан

[1] «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-I Заңы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған. Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

16	Кан Михаил Витальевич	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1), 3) тармақшалары	11.11.2019 ж.	Қазақстан
17	Кан Сергей Витальевич	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1), 3) тармақшалары	11.11.2019 ж.	Қазақстан
18	Пак Роман Павлович	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1), 3) тармақшалары	11.11.2019 ж.	Қазақстан

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

№	Толық атауы	Орналасқан жері	Үлестестікті тану үшін негіздер	Үлестестік пайда болған күні	Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Мемлекеттік тіркеу күні	Жарғылық капиталға қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылар
1	«Basel Credits» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚР, Алматы қ., Бостандық ауд., Розыбакиев к-сі, 285 а, 34 бөлме	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы	11.11.2019 ж.	Кан Юрий Витальевич	30.11.2007 ж.	Кан Юрий Витальевич (Эмитенттің жарғылық капиталындағы иелену үлесі – 10 %) Абдрасулова Шара Булатовна (Эмитенттің жарғылық капиталындағы иелену үлесі – 90 %)
2	«LEDS PROMOTIONS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан, Алматы қ., Алмалы ауданы, Жандосов к-сі, оф. 109	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы	12.07.2022 ж.	Пак Инна	29.05.2012 ж.	Пак Инна -100 %
3	«Агро-Рынок Султан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан, Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау а., «Ак-булак» тұтыну кооперативі	«Серіктестіктер туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы	11.04.2019 ж.	Сырлыбаев Ахымбек Тохтахунович	12.04.2011 ж.	Абдрасулова Шара Булатовна – 100%

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған. Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Пронумеровано
пронумеровано
42 (сорок два) листа

КАЗАХСТАН ГОРОД АЛМАТЫ
ҚАЗАҚСТАН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
БСН/БИН: 191140009369
Микрофинансовая организация
«ЮНИКРЕДО»
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОД АЛМАТЫ

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.